

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



ЖАС ҒАЛЫМДАР КЕҢЕСІ



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2016» атты
XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2016»

PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2016»

2016 жыл 14 сәуір
Астана

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2016»
атты XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2016»**

**PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2016»**

2016 жыл 14 сәуір

Астана

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

Ғ 96

Ғ96 «Ғылым және білім – 2016» атты студенттер мен жас ғалымдардың XI Халық. ғыл. конф. = XI Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2016» = The XI International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2016» . – Астана: [http://www.enu.kz/ru/nauka/ nauka-i-obrazovanie/](http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/), 2016. – б. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-764-4

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

ISBN 978-9965-31-764-4

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2016

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ЖОЛДАУЛАРЫНДАҒЫ БІРТЕКТІЛІК ҰҒЫМЫНА КОНТЕНТ-ТАЛДАУ

Бердібек Нұрхат Маратұлы

Politenu@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің
саясаттану мамандығының I курс магистранты
ғылыми жетекші – И.С. Рыстина

Кіріспе

Біртектілік дегеніміз адамның әртүрлі әлеуметтік, экономикалық, ұлттық, кәсіби, тілдік, саяси, діни, нәсілдік және басқа да қауымдастықтың түрлеріне жатқызу, сол қауымдастыққа тән нәрселермен өзін сәйкестендіру арқылы көрінетін психикалық қасиет[1].

Мемлекеттің ұзақ жылдық стратегиясы ең маңызды құжаттардың бірі болып саналады. Қазақстанның алдағы 2050 жылға дейін дамыған 30 елдің қатарына кіру мақсаты – мемлекет саясатының негізі. Осы мақсатқа жету жолында кездесетін талаптар мен іске асырылуы тиіс міндеттер айқындалды. Алға қойылған міндеттердің бірі жалпыұлттық біртектілікті орнату. Мақсатқа жету жолында жұдырықтай жұмылсақ, бізден асқан мықты ел болмайтыны анық.

Жалпыұлттық біртектілік дегеніміз ұрпақтан ұрпаққа жалғасатын ағымды құбылыс. Қазақстанның тәжірибесінен қарайтын болсақ, біртектіліктің негізгі идеясы – Мәңгілік ел. Осы идеяның түбірі – кез-келген азамат өзінің этникалық тегіне қарамастан өзінің тағдырын, өмірін, болашағын елімен байланыстыруында жатыр. Демек «Біздің бір отанымыз бар, ол – Қазақстан» деген сөз барлығын біріктіретін бастау болмақ. Осы ұғымды дәлелдеу үшін зерттеудің негізгі **гипотезасын** – Қазақстандық біртектілікті қалыптастыру мәселелері жолдауларда көрініс табады деп анықтаймыз. Сондықтан ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевтың жыл сайынғы жолдауларына осы мәселелер қаншалықты қарастырылып келді деген мақсатпен контент-талдау өткізілген болатын.

Әдістер


Контент дегеніміз ағылшыншадан мазмұн деген мағына береді. Бұл құжаттардағы әртүрлі фактілер мен үдерістерді, олардың өзгерісін анықтау мақсатында жүргізілетін сандық-сапалық талдау әдісі. Бұл әдістердің ерекшелігі сол құжаттарды әлеуметтік контекстінде зерттейді. Контент-талдаудың негізгі объектісі ретінде көбіне газет, радио, теледидар, жиналыс протоколдары, хат, бұйрық, еркін интервью мен сауалнамалар болып келеді. Оны өткізу үшін тақырыпқа қатысты арнайы сөздер алынады. Мысалы, белгілі бір сөз, оқиғалар, адамның аты және басқа. Жолдауға жазылған контент-талдау көп емес. Солардың бірі саясаттану магистры, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің PhD докторанты К.Е. Смағұловтың «Қазақстан Республикасы Президентінің жолдауларына контент-талдау» атты еңбегіндегі экономикалық даму, бизнес мәселесіне арналған талдауы[2]. Ал екіншісі әлеуметтану ғылымдары докторы (PhD), экономикалық ғылымдар кандидаты, Ресей ғылым академиясы ғылыми-зерттеу мекемесінің ғылыми қызметкері, «Мемориал»(Канада) университетінің доценты Антон Олейниктің «Билік әліппесі: Қазақстан Республикасы Президентінің жыл сайынғы жолдау тілі» атты мақаласында жалпы барлық талдауларда ең көп қолданылған сөздер бойынша жасаған зерттеуі[3]. Біздің зерттеу тақырыбына байланысты аталмыш әдіспен талдау жүргізілмеген.

Талдауға 2006 жылдан бүгінге күнге дейін жолданған жолдаулар алынды. Оның ішінде анықтап өтуіміз керек: 2012 жылы екі жолдау, яғни қаңтар айының 27-ші және желтоқсан айының 14-ші жұлдызында шыққан. Сәйкесінше 2013 жылы жолдау шықпаған. Түсінбеушіліктер болмас үшін 14.12.2012 күні шыққан жолдауды 2013 деп, дәл осылай 2014 жылы шыққан екінші жолдауды 2015 деп, ал 2015 жылдың соңында шыққан жолдауды 2016 жыл деп белгілеуді жөн санадық. Талдауға негізгі үш тірек сөз қолданылды. Олар: «жалпыұлттық», «біртектілік», «Қазақстандық». Қазақ тіліндегі синонимдік сөздердің көп

болуына байланысты біртектілік сөзінің басқа да бірыңғай, бірегей, біртектес синонимдері де қолданылды.


Нәтиже

Талдауда алдымен осы сөздердің неше рет қолданылғаны туралы қарастырдық. 1 графиктен көріп отырғанымыздай үш сөз де әр жылда әркелкі қолданылған. «Жалпыұлттық» сөзі 2006 жылдан бастап 2015 жылға дейін ең көбі 5-ақ рет кездескен. Ол 2013 жылғы жолдауда болған. Сонымен қоса 2009, 2012 және 2016 жылғы жолдауарда бұл сөз мүлде кездеспеген. Ал «біртектілік» сөзі және оның синонимдері 2009, 2015 және 2016 жылдары кездеспегенімен, 2007 жылы ең көбі 10 рет қолданылған. Басқа кезде дәл бірінші сөз секілді 2013 жылғы жолдауда 8 рет кездескен. «Қазақстандық» сөзі бар жолдауда қолданылған. Ең көп қолданылғаны 2007 жылы 20 рет және 2013 жылы 18 рет. Бір ерекшелігі 2007 жылы біртектілік және Қазақстандық сөздері көп кездескен, сонымен қоса 2013 жылғы жолдауда үш сөзде көп қолданылған.




1-график

Әрі қарай қарастыратын болсақ, осы сөздердің қандай тіркесте, қандай мағынада келгені байланысты талданды. Бірінші, «жалпыұлттық» сөзі. Тіркескен сөздері: міндет, бағдарлама, үнқатысу, патриотизм, құндылық, қозғалыс, идея, жоба, жоспар, мәдениет. Жалпыұлттық сөзі 2006 жылғы жолдауда міндет, бағдарлама сөздерімен тіркесіп келсе, 2007 жылы үнқатысу және патриотизммен бірге келген. Әрі қарай жалпыұлттық идея тіркесі 2015 жылы 4 рет кездессе, сол жылғы жолдауда жалпыұлттық құндылық туралы да айтылған екен. Маңыздыларының бірі, жалпыұлттық мәдениет 2014 жылғы жолдауда кездескен(2-диаграмма).




2-диаграмма

«Біртектілік» сөзі әртүрлі сөз тіркестерімен келген. Олар: мөлшерлеме, тізілім, Қазақстан, халық, кеңістік, дерек, өлшем, жүйе, азаматтық, стратегия, мақсат, деңгей, организм, бағдарлама, басқару, стандарт, ел, бүкілқазақстандық, корпорация, жасақ, шеп, міндет. Ең көп кездескені біртекті стратегия тіркесі, 2007 жылы үш рет, біртекті кеңістік 2013 жылы 2 рет және біртекті халық 2006 жылы 2 рет. Сонымен қоса, осы сөзбен Қазақстан 2006 жылы, Бүкілқазақстандық сөзі 2013 жылы кездескен. Бірақ тақырыпқа жақын тіркестердің кездесу жиілігін келесі диаграммадан көре аласыз.



3-диаграмма

Келесі «қазақстандық» сөзімен тіркесіп келгендер енгізілген. Ең көп кездескен сөз ретінде барлық тіркестерін жазып шықтық. Олар: компания, бизнес, даму, жоба, патриотизм, экспорт, қоныстанушы, үлес, ғажайып, модель, біртұтастық, ноу хау, өнім, өндіруші, ЖОО, этнос, жол, білім, денсаулық, жүйе, бөлім, демократия, мәдениет, идея, бірегейлік, толеранттылық, электростанция, банк, инвестор, шикізат, тауар, энергия, экономика, маман, қызмет, құрам, билік, тұтастық, еңбек, отбасы, бірлік, дақыл, құрылыс, төрағалық, бастама. Ішінен ерекше атауымыз тиіс, Қазақстандық патриотизм сөз тіркесінің 2007, 2008, 2014 жылы бір реттен, 2015 жылы екі рет және 2013 жылы 6 рет кездесуі болып отыр. Тағы бір айта кетерлігі, Қазақстандық бірегейлік тіркесі 2013 жылы 1 рет кездескен. Аталған бар тіркестің ішінен ең маңыздылары төменгі диаграммадан байқай аласыз.



4-диаграмма

Талқылау және қорытынды

Жоғарыдағы мағлұматтарды қорыта келе, Елбасы өз жолдауларында осы бір қиын әрі күрделі жалпыұлттық біртектілікке жету жолындағы бастауларын салып келген. Басты мақсат болашағы бір ұлттық біртектілікті қалыптастыру болғандықтан, олар өзінің тарихи рөлін ойнады деп айта аламыз. Бірақ жолдаулардың міндеті сол кездегі жағдайға баға беру мен болашақтағы іс-әрекеттерді болжау болғандықтан, Қазақстанға әсер ететін ғаламдық мәселер талданып келген. Мысалыға, экономикалық дағдарыс кезіндегі жолдаулар, 10 сыңақатер. Егер жолдаудағы бар сөзді есепке алар болсақ, аталмыш біртектілік сәйкесінше аз қаралған. Бұл біздің гипотезаны жоққа шығарады, себебі жолдауда идеологиялық фундаменті қаланғанымен, оның әр жолдаудағы қайталану жиілігі әртүрлі. Жолдауды елдің негізгі идеологиялық бағдарламаларын тактикалық түсіндіру құралы деп есептесек, бұл мәселені тереңірек зерттеліп қаралуына кеңес берер едім. Келесі зерттеулеріміз «Егемен Қазақстан» республикалық газетіне контент-талдау арқылы қарастыру ойда бар. Дегенмен, соңғы 5 институционалдық реформада біртектіліктің жеке қарастырылуы қуантарлық жағдай. Бұл осы мәселенің республикалық масштабта зерттелуіне және ресми құжаттарда көбірек жазылуына жол береді.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

- 1.Сэмьюэлз Э., Шортер Б., Плот Ф. Идентичность
2. Контент - анализ посланий президента республики Казахстан [Текст] / Смагулов К.Е // Социс. - 2012. - №6.- С. 54-61
- 3.Zakon.kz ақпараттық порталынан <http://www.zakon.kz/4531454-azbuka-vlasti-jazyk-ezhegodnykh.html>